

**Мүбәрак Жаманбалинов**

**Аштық  
азабы**



Мүбәрак Жаманбалинов

*АШТЫҚ АЗАБЫ*  
*ДАСТАН*

Павлодар қаласы 2004 жыл.

ISBN 9965-610-41-X

Аштық азабы.

Мүбәрак Жуманбаинов

2004 ж. Павлодар қ. «ЭКО» ҒӨФ, 96 бет.

© Мүбәрак Жаманбаинов

1931-1933 жылдардағы аштық апатында Ертіс ауданының негізі болған Қызылағаш болысының жиырма мыңға жуық қазағының жартысына таяуы қырғынға ұшырады. Ақын Мүбәрак Жаманбалиновтың бұл поэмасына сол жылдардың бір ащы шындығы арқау болған.

Ертіс ауданының құнарлы топырағында шаңырағын ресейліктер көтерген Суворов совхозында, аштық апаты белең алған кездің өзінде, жыл сайын 30-35 мың гектар өгін егілді. Жұмысшыларының тамағы тоқ болды. Ал совхоз төңірегіндегі ауыл қазақтары жүрек жалайтын нәр таба алмай, қынадай қырылып жатты.

Совхозға қайыр сұрауға келген қазақ әйелдері мен балаларды салт атты комендант қамшының астына алып, селоның сыртына қуып тастап отырды. Бұл әйелдер мен нәрестелердің көпшілігіне сол жерден топырақ бұйырды. Қариялардың шамалауынша, бұнда көз жұмған әйелдер саны жүзге жуық. Олардың басына орнатылған құлпытаста: «Бұл зиратта 1931-1933 жылдардағы аштық құрбаны болған қазақ әйелдері жерленген» деген жазу бар.

Совхозда трактор жүргізу өнеріне қазақтардан ең алғаш Жұмабай Смақановтың ғана қолы жеткен. Өзгелері—келімсектер. Жұмабайдың Павлодар қаласының түбіндегі бір ауылда тұратын жалғыз апасы Мүліпа аштық апатында күйеуінен, 9 баласынан айрылады. Оның аман қалған жалғыз ұлы Кәлен жұбайы Құралай екеуі әрі сырқат, әрі аштық меңдеген Мүліпаны қоларбаға отырғызып, Жұмабайды іздеп шығады. Поэмада осы үшеуінің жол үстінде тартқан азаптары сүреттеледі.

Жұмабай кейін ұлы Отан соғысына қатысып, Отан соғысы және Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталды. Ол 1932 жылы апасын сүйреп әкелген қоларбаны 66 жыл бойы, 1998 жылы өзі 92 жасында көз жұмғанға дейін, сақтады. Поэма Жұмабай Смақановтың көзі тірісінде айтып берген шындыққа негізделіп жазылған.

## **КІРІСПЕ**

*Арсыздыққа жол беріп,  
Ар төгілген кез еді.  
Ит-құсқа адам жем болып,  
Аң семірген кез еді.*

*Қара бұлтын қара аспан  
Қара жерге төндіріп,  
Ер есінен адасқан  
Ел үмітін сөндіріп.*

*Батысымнан Күн шығып,  
Шығысыма Күн батқан,  
Әділеттік тұншығып,  
Шырылдаған құндақта.*

*Өзінің жан өзегін  
Өзі өртеген өз елі,  
Тіршіліктің өзені  
Теріс аққан кез еді.*

*Әр адамды мың қырсық,  
Мың қармақпен қармаған,  
Қаралы Ертіс сыңысып,  
Жоқтау айтып зарлаған.*

*Тас-талқан боп тау құлап,  
Шарт сынып көк күмбезі,*

*Кез еді бұл қансырап,  
Аласұрған Күн көзі.*

*Көрінбейтін зеңбірек,  
Ауылдарды атқылап,  
Әр жүректі зәрлі оқ,  
Ажал болып жатты улап.*

*Адам үшін жаралған,  
Мынау байтақ даламнан,  
Кез еді нәр таба алмай,  
Халық босқан тағы аңдай.*

*Кез еді бұл зар жылап,  
Аруана ай мүсін.  
Жер күрсінген қалжырап,  
Көтере алмай қайғысын.*

*Бұл сұрапыл, жұрт қанық,  
Тарихымыз жазбаған.  
Тып-типыл боп бір халық,  
Жойылып кете жаздаған.*

*Бетін ашып сұмдықтың,  
Бұл дастанда сол жайлы.  
Жалаулатып шындықты,  
Ақын ойын толғайды.*



## АТТАНЫС

*Атын айтып қайтемін,  
Сұрамай-ақ қой атын.  
Қазағымның, әйтеуір,  
Бір ауылы болатын.*


*Саба-саба қымызы,  
Табақ-табақ дәм асқан.  
Қыз, бозбала қырмызы,  
Әзілдері жарасқан.*

*Жар жағасын жайлаған,  
Бұл ауылды кешегі.  
Аштық атты айдаһар  
Жұтып тынған деседі.*

*Керекудің түбінде  
Керіліп жатқан сол ауыл,  
Іздесеңде бүгінде,  
Жер бетінде жоқ ауыл.*

*Сол ауылдың күні өткен,  
Қамды орнында зар, қайғы.  
Ол қайғыны суреттеп,  
Тіл жеткізе алмайды.*

*Бақыт, әлде сор алда,  
Бұлай болар деп пе еді?*



*Суретте: Жұмабай Смақанов. Оның туған апасы Мүліпаны баласы Кәжен мен келіні Құралай 1932 жылдың жазында Павлодардан Суворов совхозына дейін 250 шақырымдай жерге осы арбамен сүйреп жеткізген.*

*Ж. Смақанов осы арбаны, 66 жыл бойы, өзі қайтыс болғанға дейін, сақтаған.*

*Осы ауылдан қоларба  
Күн батысқа беттеді.*

*Жанары оттай жас жігіт,  
Сұлуларға армандай.  
Қас-қабасын тас түйіп,  
Тас боп бекіп алғандай.*

*Екіаяқты арбаны  
Ырғай сүйреп келеді.  
Үмітіне алдағы  
Сенбесе де сенеді.*

*Табанын құм күйдіріп,  
Қорғаншақтап келеді.  
Аңызак жел шүйлігіп,  
Тер моншақтап келеді.*

*Алды бақыт желегі,  
Баяғы енді жоқ күні.  
Жанға батып келеді,  
Қылқұйрықтың жоқтығы.*

*Сен заманның құлысың,  
Заман сені билейді.  
Билеймін десе, билейді,  
Илеймін десе илейді.*

*Билеген емей немене,  
Мейлі қарға, қарғама,  
Илеген емей немене  
Жексе адамды арбаға?*

*Нәр татпасаң, әл қайда?  
Адым сайын бас қайғы,  
Тіл жабысса таңдайға,  
Бас айнала бастайды.*

*Құр сылдыр су ішеді,  
Ішпей қалай шыдайды?  
Ішкен сайын ішегін  
Шұрыдатып бұрайды.*

*Неге жиі алқыңды?  
Дүрсілдейді жүрегі.  
Ауылында айтулы  
Алыптардың бірі еді.*

*Жауырыны қақпақтай,  
Ойына бойы жарасқан.  
Жұдырығы тоқпақтай,  
Отыздан жасы жаңа асқан.*

*Сымбаты да — бір маңғаз,  
Атын Көлендеседі.*

*Дастанымның бұл жазған,  
Бас батыры осы еді.*

*Батыры деп дастанның,  
Көлен, сені мақтадық.  
Жүті ауыр жас нардың,  
Сол сенімді ақталық.*

*Осадықты сездің бе?  
Сезгеніңе арлан ба,  
Сезгеніңді сездірме  
Анаң жатыр арбаңда.*

*Кім сүймейді анасын?  
Кім оған бас имейді?  
Сүйремесе баласы,  
Ананы кім сүйрейді?*

*Екі көзі бұлаудай:  
«Құрысын — деп - бұл тіршілік!»-  
Анда-санда бір аунап,  
Қояды ана күрсініп.*

*Тап мынадай мазаққа  
Жағдайы жоқ көп шығар.  
Аштық атты азаптан  
Ауыр азап жоқ шығар.*

*Елдің асыл арысы  
Ашынарын кім білген?  
Аяққа елдің намысы  
Басыларын кім білген?*

*Ақын - жырдың иесі  
Айта алмасаң сөз ғаріп.  
Енді сөзді, міне, осы  
Қарт анадан қозғалық.*

*Ажал аузын ашқанда,  
Жесірді Алла жебесін!  
Алпыс қырдан асқанда,  
Қайрандады кемесі.*

*Күйінбей, не кектенбей,  
Жыламайды жай кісі.  
Қабырғасын сөккендей,  
Қасіреті, қайғысы.*

*Мейлі жыла, жылама,  
Үкімі енді кесілді.  
Бір бала емес, бұл ана  
Он баланы өсірді.*

*Он баласы - қара орман,  
Балбұлағы, кеусері.*

*- Олар барда, жолар ма  
Қайғы уайым, - деуші еді.*

*Бұл сойқанда,  
Бақшанда  
Гүлің қалай солмайды?  
Қос самайын ақ шалған  
Қарт анаға сол қайғы.*

*Он шыбықтың тоғызын  
Жалғыз-ақ өрт күл қылды.  
Он бұтаның тоғызын  
Бір-ақ дауыл сындырды.*

*Неткен ауыз, қанды ауыз?  
Тоғыз асыл арманын,  
Аштық атты жалмауыз  
Бір-ақ жазда жалмады.*

*Жалғыз қалған талшыбық -  
Оннан қалған ардағы.  
Қара терге малшынып  
Сүйреп келеді арбаны.*

*Жалғызының жан-жары,  
Қызыл аяқ қыр кешіп,  
Құралай да арбаны  
Келе жатыр сүйресіп.*

*Жас келіншек-  
Жас тұлға  
Арбаға ат боп жегілді  
Өйтпесе аштық-қасқырдан  
Ала алмайсың кегіңді.*

*Жеңілдің бе? - Оңбассың,  
Жеңсең - бағың ашылды,  
Сен жеңбесең, ол «қасқыр»  
Мүжіп тынар басыңды.*

*Соны ойласа Құралай,  
Жүрегі оттай маздайды.  
Нәзік жаны шыдамай,  
Жарылып кете жаздайды.*

*Ойға орады кешегі,  
Жастық шағы көктемі.  
Көктемнің гүл — шешегін,  
Үсік шалар деп пе еді?*

*Күн нұрындай жаздайғы,  
Ата-ананың мейрімі.  
Есі ауыса жаздайды,  
Соны ойласа кей күні.*

*Әкесін кеп үш жеңдет,  
Көз алдында байлатты.*



*Аяқ – қолын кісендеп,  
Ит жеккенге айдағты.*

*Бар кінәсі жазығы –  
«Бір емес, бес жылқың бар!  
Байдың көзін ағызып,  
«Ел жауы» деп құртыңдар!»*

*Достық па, әлде қастық па?  
Сөз тамырын сез өзің.  
Ананың да аштықта,  
Үзіліп тыңды өзегі.*

*Сол кетірді мазаны,  
Жас жаңды сол жанышты.  
Ата – ананың азабы,  
Құралайға ауысты.*

*Қанша қусын арманды,  
Құр сағымды қармайды.  
Қарғысына Алланың,  
Ұшыраған жаңдай-ды.*

*Қаһарына Алланың,  
Ұшыраған өулеттей,  
Сор жан-жағын торлады,  
Желкелеген жеңдеттей.*

*«Жол азабын, Қазағым, -  
Көр азабы» – деуші еді.  
Тілімдеді табанын,  
Жол – азаптың семсері.*

*Күн куйдірген денесі,  
Қып-қызыл от шалғандай.  
Қос алмалы кеудесі,  
Тас боп қатып қалғандай.*

*Өзі де оны сезеді –  
Соңғы үміт – осы үміт.  
Қайтседе соған төзеді,  
Өзге үмітің – бос үміт.*

*Жолы ашылсын айқара,  
Құралайдың, ләйім.  
Енді ат басын қайтадан,  
Қарт анаға бұрайын.*

*Жол арбаны тербесін,  
Арба ананы тербейді.  
Сорлы ананың кеудесін  
Ауыр қайғы кернейді.*

*- Қайда, Құдай, ажалың?  
Басқа айтарым жоқ менің.*

*Жалғызымның азабын  
Көріп өлем деп де едім.*

*Қақсады ана күнімен:  
«Тыңда, балам, балашым!  
Қу томарды шіріген  
Қайда сүйреп барасың?»*

*Сөзі өтпеді ананың,  
Неше ме рет кешеден,  
-«Қасыңда бір моланың  
Қалдырып кет!»-десе де.*

*-Сөзге, балам, тос құлақ.  
Осы айтқанға көнейік.  
Сөнбеу үшін үш шырақ,  
Біреуіміз ғана сөнейік!*

*Үшеуіміз бірдей өлгенше,  
Біреуіміз құрбан болайық!  
Төрелетсең, жолдесе,  
Мен осыған лайық...*

*Кәріге де, жасқа да,  
Осы сөз жөн секілді.  
Кәленнің ойы басқада,  
Өз ойына ол бекінді.*

*Қанша бейнет көр мейлің,  
Көңілдегі ойы шуақты:  
Анасы үшін өлгеннің  
Арманы жоқ сияқты.*

*-Жоқ, өлмейміз бірақ біз,  
Анамыз да өлмейді.  
Ана деген шырақсыз  
Өмір сәні келмейді.*

*Ақта анаңның борышын,  
Өтемесең, -өшкенің.  
Сол үшін, тек сол үшін  
Өлуте құқың жоқ сенің...*

*Ойласа осы парызды  
Өзін өзі шыңдайды.  
Мойымайтын тәрізді  
Кездессе де мың қайғы.*

*Жүректі ана тілімдеп,  
Қос құлынын аяды.  
Әттең, жаяу жүрте,  
Бастырмайды аяғы.*

*Тізе қалай бүгілсін,  
Ісік кірді бетке де.*

*Әлдекімге, кім білсін,  
Тістенеді кектене.*

*Әлдекімді қарғайды,  
Қарғағанмен не бітті?  
Кебірсітіп, таңдайды,  
Жел де бүтін желікті...*

*Ал, жолшылар, жолшылар,  
Осы жерде ал тыныс!  
Су бұл жерде мол шығар,  
Шөдегенге - бал қымыз.*

*Жарқыраған Ертістің,  
Жадыраған жағасы.  
Осы жерден өр күштің  
Тылсым көзін табасың.*

*Сыбырласып, сырласып  
Жасқа толы жанары,  
Мынау өзен, тыңдашы,  
Не деп ағып барады?*

*-Адам үшін жаралған,  
Асқар таудан нәр алған,  
Ұлы Ертістің суымыз,  
Мейірімділік - туымыз.*

*Орманымыз - саямыз,  
Байлық толы аямыз.  
Шортаным мен бекірем,  
Кем емес мал етінен.*

*Аққайраң мен шабағым-  
Табақ толы тағамың,  
Тоғай толы жемісім,  
Бәрі, адам, сен үшін.*

*Тілін тапсаң өзеннің,  
Талдырмайды ел өзегін.  
Таба алмасаң, қазағым, -  
Адыңда аштық, азабың!...*

*Ұлы өзенім айбынды,  
Түсінгендей қайғынды,  
Күңіреніп күйініп,  
Көзіне жас үйіріп,  
Толқыны ұрып жағаны,  
Осылай деп ағады.*

*Ертіс сыры тереңде,  
Ертіс сыры - тылсым-ды.  
Жолаушымыз дегенмен,  
Ойланды да күрсінді.*

*-Шіркін, балық ауласа!...  
Ол болса жұт-жау қайда!  
Ол ой бірақ-далбаса,  
Оған қайық, ау қайда?*

*Жоқты қайдан қазамын,  
Күлме мейлі, күл мейлі,  
Қайық түгіл қазағың.  
Ау тоқуды білмейді.*

*Ондай өнер қонбаса,  
Сорлы қазақ не етесің?  
Аштық қайда айдаса,  
Сонда қаңғып кетесің.*

*Жоқ, жолаушым күйінбе!  
Құр күйінсең, -қаран күн.  
Бұл жерді-«өз үйім» де,  
Қонысы бұл бабаңның.*

*Мейлі қайғы, ой бассын  
Жеттің мұнда,  
Жеткесін,  
Жарылғана да қоймассың,  
Құрауыз бірақ кетпессің.*

*Көлшіктерде көлбақа,  
Көлбақасыз жоқ көлшік.*

*Қуырылды он бақа,  
Соның үшеуің жеп көрші!*

*- Мынау неткен семіз — деп,  
Бір бақаға таң қалды.  
— Осыны сіз жеңіз деп!» - деп...  
Анаға ол арналды.*

*Жесіп жатыр қуана,  
Жуа да біраз терілді.  
Қарыны ашқа жуа да,  
Балдан төтті көрінді.*

*Жуа менен бақадан,  
Дәм татқандар күш алды.  
Енді жегіл - арбаға,  
Уақыт тығыз. Түс ауды!*